

Құрманбаев Қ.¹, Стамбакиев Н.²

¹PhD докторы, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru

²PhD докторанты, e-mail: nurzhan_st@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАНКИНГ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Мақалада ислам банктерінің құрылуы тарихы қарастырылады. Атап айтқанда, ислам банктерінің қалыптасу тарихы теориялық және практикалық болып екі негізгі кезеңге бөлініп зерделенді. Негізгі қолданыстағы батыстық қаржы жүйесіне балама ретінде құрылған исламдық қаржыландыру жүйесінің теориялық базасын қалыптастыруға үлес қосқан ойшылдар мен ғалымдар тілге тиек етіліп, аталған саланың дамуына әсер еткен түрлі факторлар зерттелді. Сонымен қатар XX ғасырдың екінші жартысында негізі қаланған ислам банктерінің қолданысындағы кейбір қаржы операцияларының ерте ғасырларда көрініс табу мәселесі талқыланды. Мақалада ислам банктеріне деген сұраныстың өсуіне түрткі болған себептердің негізгісі ретінде мұсылман қауымының шариғат талаптарын орындауға деген құлшынысы екендігі айқындалады.

Түйін сөздер: Ислам банкі, батыстық банктер, пайыз, тарих, қаржы жүйесі.

Kurmanbaev K.¹, Stambakiev N.²

¹PhD, assistant professor, e-mail: kairatk76@mail.ru

²PhD student, e-mail: nurzhan_st@mail.ru

Nur-Mubarak Egyptian university of Islamic culture, Kazakhstan, Almaty

The history of formation banking system in Islamic culture

The article examines the history of Islamic banking. For a more detailed study the history of Islamic banks was reviewed from both the theoretical and practical sides. As well as this article deals with factors that contributed to development of Islamic banks as an alternative to classical Western banks. Based on this article, we can conclude that the main reason for the formation of Islamic banking system was the religious beliefs of the Muslim society. Because it is commonly known and acknowledged that Islam has strictly prohibited interest. It disapproves both giving and charging interest. Also, the article reveals the circumstances of the first Islamic banks that were created in the second half of the 20th century.

Key words: Islamic bank, western banks, per cent, history, financial system.

Құрманбаев Қ.¹, Стамбакиев Н.²

¹Phd, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru

²PhD докторант, e-mail: nurzhan_st@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

История формирования системы банков в исламской культуре

В статье рассматривается история возникновения исламских банков. Для более подробного изучения истории формирования исламских банков была рассмотрена как с теоретической, так и практической стороны. В частности, были исследованы различные факторы, которые способствовали появлению исламских банков в качестве альтернативы классическим западным банкам. Исходя из данной статьи, можно сделать вывод, что основным фактором формирования исламской банковской системы послужили религиозные убеждения мусульманского общества.

Данный фактор объясняется запретом ислама как брать деньги в долг под проценты, так и предоставлять такую услугу, независимо от цели ссуды или показателей, при которых начислены проценты. А также в статье раскрываются особенности деятельности первых исламских банков, которые были созданы во второй половине XX-го века.

Ключевые слова: Исламский банк, западные банки, процент, история, финансовая система.

Кіріспе

Он тоғызыншы ғасырдың соңында пайыздық үстемені негізгі табыс көзі ретінде көретін батыстық банктер мұсылман мемлекеттеріне де кіре бастады. Бұл өз кезегінде батыс елдерінің Азия және Африка халықтарын отарлау саясатының жүріп жатқан тұста орын алды. Еуропалық банктер алғашында Стамбул және Каир қалаларында өз филиалдарын аша бастады. Дегенмен аталған банктердің мұсылман елдеріне аяқ басуы алғашқы кезде мұсылман жұртшылығының наразылығын тудырды. Нәтижесінде, мұсылман қоғамының көпшілігі өсіммен жұмыс істейтін банктермен жұмыс істеуден бас тартты. Оның негізгі себебі шарифат бойынша қарыздың үстінен пайыз көру ісінің тыйым салынғандығында.

Мұсылман халқының көпшілігінің өсімге деген қарсы ұстанымын байқаған Халықаралық Валюта қоры кейбір мұсылман елдеріне ислам банктерін құруға ұсыныс білдірген болатын. Халықаралық Валюта Қорының мұндай ұсыныстарды жасауындағы мақсаты – пайыздан бас тартушы адамдарды қандай да жолмен банкпен байланыстыру еді. Себебі олардың банкпен байланыста болуы орталық банк үшін ақшаның жалпы көлемін басқарып қадағалау ісін жеңілдетеді. Яғни Халықаралық Валюта Қорының ұсыныстарының астарында діни негіз емес, таза экономикалық себеп жатыр.

Демек, ислам банктерінің пайда болуына мұсылман қоғамының өсімнен ада ислам принциптерімен жұмыс істейтін банктерге деген үлкен сұранысы әсер болды. Сонымен қатар ол кезеңдегі кейбір жекелеген ғалымдардың «батыстық банктермен жұмыс істеуде күнә жоқ», «батыстық банктер қолданысындағы қарыздың үстінен алатын пайыздық үстеме шарифат тыйым салған өсімге жатпайды» дегендей пәтуалары жалпы халықтың өсімге қарсы наразылықтарын тоқтатуға қауқары жетпеді. Себебі «риба (өсім)» – шариғи кітаптардың көпшілігінде кең баяндалған мәселелердің бірі. Рибаның харамдығы тек ғалымдарға ғана емес, бұқара халыққа да аян еді.

Ислам банктерінің пайда болуына әсер еткен факторлардың ең негізгісі мұсылман жұртшылығының оған деген сұранысында жатыр. Дегенмен ислам банктерінің құрылуы оңайға соққан жоқ. Атап айтқанда, алғашқы кезде ислам банктерінің құрылуына қажетті заңнамалық және қаржылық тапшылықтар өз кедергісін тигізді. Көптеген заңнамалық актілерге ислам банкі жүйесіне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізуге тура келді. Бұл дегеніміз сол кездегі араб елдерінің заңдары ислам банкінің жұмысына «шектеу қойды» немесе «қарсы болды» деген сөз емес. Ислам банктерінің қолданыстағы заңдарға сәйкес келмеуінің негізгі себебі – алғашында банкке қатысты заңдардың барлығы батыстық банктердің формасына сәйкес жасалғандығында еді. Сондықтан алғашқы ислам банктерінің барлығы жекелеген арнайы заңнамалық актілердің негізінде құрылды. Бір жүйеге түскенге дейін, бастапқы уақытта ислам банктерінің жұмыстарын реттеу ісі өте қиын болды. Себебі ислам банктерінің сүйенетін арнайы бір үлгісі, тәжірибесі болмады. Барлығын басынан ойлап шығаруға тура келді. Сондай-ақ қажетті қаржы мамандарының тапшылығы мәселені одан сайын қиындата түсті. Ол кезеңде ислам банктеріне бейімделген тиісті кадрлар жоқ болды. Сондықтан алғашқы кезеңде ислам банктері тіпті батыстық қаржы жүйесінде жұмыс істеген қызметкерлерді жалдауға мәжбүр болды.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Мақалаға әдіснама ретінде логика, тұтастық пен жүйелілік принциптері мен тарихи-әлеуметтанулық зерттеу әдістері басшылыққа алынды. Ислам қаржы жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы:

- 1) 1950 жылға дейінгі;
- 2) 1950-1990 жылдар аралығы;
- 3) 1990 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі 3 негізгі тарихи кезеңге бөліп қарастырылып, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар XX ғасырда Мысыр, Малайзия, Пәкістан, Судан, БАӘ сияқты елдерде құрылған ислам банктерінің алғашқы тәжірибелері мен

ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы, нақты-тарихи және дәйектеу әдістері қолданылды.

Ислам банктеріндегі кейбір қаржы операцияларының ерте ғасырларда көрініс табуы

Ислам банктерінің бүгінгі жүйесі жиырмасыншы ғасырда қолданысқа енгендігіне қарамастан, оның құралдары бұрыннан көрініс тауып отырған. Ислам банкінің қаржылық операциялары негізінде ислам шариғатында бұрыннан бекітілген сауда-саттық, алыс-беріс қағидаларына сүйенеді. Яғни тарихта ислам банктері болмаса да оның жекелеген инструменттері мұсылмандар өмірінде көрініс тауып отырған. Салымшылардың қаражаттарын бос қалдырмай, оларды іске салып, өсіру идеясы алғаш рет сахаба Зубаир ибн ал-Аууамда туындаған еді. Осы тұрғыда Зубаир ибн ал-Аууамды алғашқы ислам банкирі деуге болады. Ол саудагерлігімен және аманатқа беріктігімен ерекше танылған сахаба болатын. Сондықтан адамдардың көпшілігі өз дүниелерін Зубаирге табыстап кетуді әдет қылған. Алайда Зубаир елдің дүниесін аманат ретінде емес, қарыз ретінде қабылдауды жөн санаған. Себебі біреудің мүлкін аманатқа қарағанда қарыз келісімі арқылы алудың екі артықшылығы бар. Біріншіден, ислам шариғаты бойынша аманат ретінде қабылданған мүліктің сол қалпында сақталуына аманат етілуші адам әр кез жауап бере бермейді. Мысалы, дүние-мүлік өзіне аманат ретінде тапсырылған адамның еркінен тыс ұрланып кеткен жағдайда өзіне сенім артылған адам жоғалған дүние үшін жауап бермейді. Демек, аманат алған адамның еркінен тыс жоғалған немесе қандай да бір зақым келген дүние-мүліктің шығыны өтелмейді. Екіншіден, шариғат бойынша аманатқа тапсырылған мүлікті қолдануға болмайды. Яғни аманат келісімі бойынша мүлік қолдануға емес, тек сақтауға ғана тапсырылады. Зубаир ибн ал-Аууам осыны ескергендіктен, адамдардың дүниелерін аманат емес қарыз ретінде алатын болған. Себебі аманат ретінде алса, өзіне тапсырылған мүліктерді өз пайдасына қолдана алмайтын, яғни елдің аманатын сақтау керісінше шығынға шығаратын іс десе де болады. Сондықтан Зубаир елдің мүлкін қарыз ретінде алып, оны өз ісіне де жарататын болған. Ал мүліктің қарыз ретінде алынуының пайдасы:

1) Аманат етіліп тапсырылған адам мүліктің амандығына толық жауап береді, мүлікке қандай

да бір зақым тиген уақытта (еркінен тыс болмаса) шығынын өзі көтереді. Бұл мүлік иесі үшін тиімді;

2) Қарыз келісімі – мүлікті қарыз алушының меншігіне толықтай өткізеді, соның негізінде мүлікті қабылдаған адам оны өз пайдасына тиімді жұмсауға мүмкіншілік алады.

Демек, дүние-мүліктің аманат емес, қарыз ретінде қабылдануы екі тарапқа да қолайлы. Осылайша Зубаир ибн ал-Аууам елдің мүлкін қарыз ретінде алудың арқасында мүлікті бос жатқызбай, өзінің сауда айналымына қосып, уақыты келгенде адамдардың қарыздарын қайтаратын болған. Зубаирдың бұл ісі қазіргі замандағы ислам банкі жүйесінің алғашқы бастамасы болған. Зубаирдың баласы Абдулла ибн Зубаир былай дейді: «Мүліктерін аманат етіп тапсыруға келген адамдарға әкем: «Аманат ретінде сақтауға қабылдамаймын. Аманатқа алған дүниенің жоғалып кетуінен қорқамын. Сондықтан дүниелеріңді қалдыратын болсаңдар, қарызға беріп кетіңдер, сол қалпында қайтарамын», – дейтін». Сондай-ақ Абдулла ибн Зубаир әкесі дүниеден өткен кезде артында көп қарызы қалып, мирасқа қалған дүниенің бір бөлігі сол қарыздарды өтеуге жұмсалғандығын айтады (Бухари, 2001:87).

Сондай-ақ хижраның бесінші жылы Маруан ибн Хакамның Медина қаласына әкім болған кезінде құнды қағаздардың қолданысы көрініс тапты. Мединаның әкімі мемлекеттен жәрдемақы алушыларға белгілі бір уақытта қазынадан ақша алу құқығына ие құнды қағаздар беретін болған. Құнды қағазда жәрдемақы алушы адамның аты-жөні, қаржының сомасы және табыс етілетін уақыты жазылады. Бір кездері кейбір адамдардың аталған құнды қағаздарды уақытынан бұрын төмен бағаға сатып жүргендерін байқаған Айша оларға тыйым салынуын талап етеді. Себебі ол қағаздардың төмен бағаға сатылуына риба (өсім) деп үкім берген. Нәтижесінде, әкім құнды қағаздардың өз бағасынан төмен сатылуына тоқтау қойған. Демек, жоғарыда келтірілген деректерден бүгінгі ислам банктерінің кейбір операциялары мен принциптері сахабалардың тәжірибелерінде көрініс тапқандығын аңғаруға болады.

Сонымен қатар бүгінгі ақша айырбастау ісі де мұсылман елдерінде сегізінші ғасырда пайда болған. Ол кезеңде валюта айырбастаушылар мұсылмандардың әр қаласында болған. Атап айтқанда, Дамаск, Бағдат, Каир, Алеппо, Мосул, Рей, Уасит және тағы да басқа қалаларда болған. Ол кезеңде ақша ретінде көбіне алтын мен күміс

бірдей қолданылғанына қарамастан, кейде екеуінің біреуімен ғана есептесетін жағдайлар туындайтын болатын. Осындай сәтте валюта айырбастаушыларға деген сұраныс арта түсетін. Сондай-ақ валюта айырбастау еларалық сауданы да жеңілдетте түсті.

Ол уақыттағы ақша айырбастаушылар келесідей қызмет атқаратын болған:

1) Валюта айырбастау;

2) Адамдардың ақшаларын сақтауға алу. Саудагерлердің қаржыларын сақтауға қабылдап, орнына растаушы чек беретін болған. Бірақ ақша айырбастаушылар елдің сақтауға берген қаржыларын өздерінің пайдаларына іске асырмайтын;

3) Елдің қаржысын сақтауға қабылдаған уақытта өткізілген қаржы сомасын растайтын арнайы құжат беретін. Әрбір ақша айырбастаушының мөрі басқалардың мөрінен өзгеше болған. Аталған растаушы құжат араб тілінде «*صك* – сакк» деп аталған. Демек, қазіргі «чек» сөзі арабтың «*صك* – сакк» сөзінен алынған. Сонымен қатар ақша айырбастаушы чек берместен бұрын, ақша иесінің қолының үлгісін алып қалатын болған. Нәтижесінде, ақшасын сақтауға тапсырғандар сауда жасаған уақытта чек жазып беру арқылы есептесуді әдетке айналдырған. Ал саудагерлер қолындағы елден жиналған чектерді апта соңында ақша айырбастаушыларға келіп өткізіп, тиісті қаржыларын алатын.

4) «Суфтәжә» растау қағаздарын шығару. Бұл халықаралық саудада қолданылатын бүгінгі таңдағы аккредитивтің баламасы. Суфтәжә – құжатында ақша айырбастаушы басқа елдегі араларында келісім орнаған өзі сияқты ақша айырбастаушыға алдына келген адамға белгілі қаржы мөлшерін беруді талап ететін құжат. Суфтәжә растаушы қағазын, әсіресе сырт елдерден керуенмен тауар таситын саудагерлер кеңінен қолданған. Себебі суфтәжә саудагерлерге алыс сапарларда ақшаларын ұрлатып алу сияқты әр түрлі қатерлердің алдын алуға мүмкіншілік берген.

Мұсылман елдеріндегі ақша айырбастаушылар аманат ретінде сақтауға тапсырылған мүліктерді өзгелерге қарызға беру ісімен айналысқан емес. Себебі жоғарыда аталғандай шарият бойынша аманат ретінде тапсырылған дүниені қабылдап алған тараптың елдің ақшасын пайдалануға құқығы жоқ. Бірақ кейінірек батыстық ақша айырбастаушылар елдің аманатқа тапсырылған ақшаларын өзгелерге пайыздық үстемемен қарызға беру арқылы «аманатқа тапсырылған дүниені» пай-

да көзіне айналдырды. Дәлірек айтқанда, X-XI ғасырларда Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы мұсылман елдеріне шабуыл жасаған еуропалықтар мұсылман қоғамындағы ақша айырбастау және ақша сақтаудың үлгісін өз елдеріне ала кетеді. Алғаш рет ақша айырбастау кәсібі Италияның солтүстігінде қолданысқа енді. Италиялық валюта қабылдаушылар келіп-кеткен адамдарды үстелге отырып қабылдайтын болған. Сондықтан италия тілінде үстел деген мағынаны білдіретін «*Banco*» сөзінен бүгінгі банк атауы пайда болған. Валюта қабылдау, айырбастау кәсібімен айналысушы еуропалықтар уақыт өте келе ақшаларын сақтауға қалдырып кеткендердің өз қаражаттарын ұзақ уақыт талап етпейтіндігін байқайды. Нәтижесінде, бос жатқан ақшаларды иелерінің рұқсатынсыз өзгелерге өсіммен қарызға беруді кәсіпке айналдырады. Бұл бүгінгі таңдағы өсіммен қарыз беруді негізгі табыс көзіне айналдырған банктердің пайда болуына түрткі болған алғашқы бастама еді (Монзер Қахф, 2011:200).

Заманауи ислам банктерінің құрылу тарихы

Экономика, қаржы, банкі жүйесін ислам дінінің талаптарына сәйкестендіру әрекетін 3 негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) 1950 жылға дейінгі; 2) 1950-1990 жылдар аралығы; 3) 1990 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі. XIX бен XX ғасырдың бірінші жартысында Малайзия, Пәкістан, Үндістан және тағы да басқа мемлекеттер батыс елдерінің отарында болды. Отар болған уақыт аралығында аталған елдер ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарынан айрылып, ата діндері әлсіреді. Заман ағымына ілесеміз деген ұранмен бұрынғы дәстүрлердің орнын жаңа дәуірдің заңдылықтары баса бастады. Нәтижесінде батыс елдерінің отарында болған мұсылман елдері тәуелсіздіктерін ала салысымен жоғалтып алған діни құндылықтарға қайта оралып, өмірдің барлық саласында, әсіресе экономика саласында дін тағылымдарын жандандыруға ұмтылды. Қарыздың үстінен үстеме пайыз талап ету жүйесіне деген сыни, оппозициялық көзқарас ресми түрде XIX ғасырда Египетте Суэц каналының құрылысына орай Барклиз банкінің ашылуынан бастау алады. Пайызбен жұмыс істейтін Барклиз банкі ашылған сәттен мұсылман қоғамының наразылығын тудырды. Келесі қарсылық 1903 жылы сол кезеңде қолданыста болған пошта-жинақ салымы жүйесінен түскен

пайданы алудың харамдығына қатысты ислам ғалымдарының пәтуасы шыққан кезде көрініс тапты. Осындай наразылықтардың ізімен 1923 жылы Үндістанның Хайдарабад қаласында «Anjuman Imdad-e-Bahmi Qardh Bila Sud» (пайызсыз қарыз беру қоғамы) атты қоғамдық ұйым құрылды. Бұл қоғамдық ұйым халықтың берген садақаларын және мейрамдарда құрбандыққа шалынған малдардың терілерінен түскен пайданан жиналған қаражатты жағдайы төмен мұқтаж жандарға пайызсыз қарызға беру ісімен айналысқан. XX ғасырдың бірінші жартысында пайыздық жүйеге құрылған банк жүйелеріне қарсы наразылық мұсылман қоғамында күннен күнге өрши түсті. Бұл банк жүйесінің шарифат талаптарына сәйкес баламасын ойлап шығаруға деген аса қажеттілікті сездірді. Нәтижесінде, мамандар исламның қаржы жүйесіне қойған шарттарын зерттеу арқылы шарифат талаптарына сай банк құруға қатысты зерттеулер жүргізе бастады. Ислам экономикасы мен банк жүйесін теориялық тұрғыда дамытуға Ахмад ал-Наджар (Египет), Мухаммад Бакир аль-Садр (Ирак), Ануар Икбал Куресхи (Пакистан), Мохаммад Неджатулла Сиддики (Үндістан), Мухаммад Узаир сияқты ойшылдар мен ислам құқықтанушылары өзіндік үлестерін қосты (Cazakea, 1996:838). 1950 жылдардың соңына қарай мұсылман ғалымдары мен экономистер қаржылық делдалдықтың ислами моделінің теориялық базасын қалыптастыра бастады. 1953 жылы ислам экономикасы мамандары алғаш рет мудараба және уакала деген қос тарапты келісімшарттарға негізделген пайызсыз банкке анықтама берді. 1954 жылы Мухаммад Узаирдың «Interest Free banking – Өсімсіз банк жүйесі» атты ағылшынша кітабы Пакистанда басылып шықты. Аталған кітап араб тіліне аударылып, 1956 жылы Дамаск қаласында баспадан шықты. Содан кейін 1961 жылы Мухаммад Бакир Садрдың өсімсіз банк туралы кітабы Бейрут қаласында жарияланды. Мухаммад Бакир бұл еңбекте батыстық банктердегі өсімге негізделген келісімшарттардың орнына бірқатар ислам шарифатына сай келісімшарттарды қолданысқа енгізуді ұсынды. Сонымен қатар осы мазмұнда алпысыншы жылдардың басында араб, урду және ағылшын тілдерінде әдебиеттер жарық көрді. Аталған еңбектер алғашқы ислам банктеріне теориялық негіз болды (Монзер Қахф, 2011:204).

1960 жылдардан бастап ислам талаптарына негізделген банк қызметтеріне деген сұраныс күшейді. 1958 жылы тәуелсіздігін алған Малайзия мемлекетінде діни тағылымдар қайта

жанданып, жергілікті халықтың исламға деген қызығушылықтары арта түсті. Әсіресе, қасиетті қажылық сапарына қаражат жинау мәселесі күн тәртібінде тұрды. Нәтижесінде, аталған мәселенің шешімі ретінде Малайзия өкіметі қажылыққа қаражат жинауға арналған жинақтық қор ашуды алға қойды. Қор жұмысы қажылыққа ақша жинауға бағытталғандықтан қызмет түрлері ислам нормаларына сәйкес болуы қатты қадағаланды. Салымшылардың қаржысын қабылдап оларды өсіру үшін белгілі бір іске салу барысында «риба-өсім» мәселесіне түсіп кетпеу ісіне ерекше назар аударылды. Нәтижесінде, 1962 жылы Малайзияда «Tabung Hajji» атты қажылық жинақтық қоры ашылды. «Tabung Hajji» компаниясын біздің заманымыздағы алғашқы ислам банкі деп айтуға негіз бар. Себебі аталған қор қажылыққа баруға құштар халықтың азғантай қаражаттарын жинап оларды егістік, өндіріс және бағалы қағаздар нарығына салу арқылы көбейтумен айналысты. Сонымен қатар бұл қор табыстары шектеулі жандар үшін «ағымдағы шот», «жинақ салым шоты» және «балаға арналған жинақ шоты» сияқты қызметтер ұсынды.

Негізінде сол уақытта салымшылардың шағын ақшаларын жинап, оларды түрлі жобаларды қаржыландыру арқылы көбейту идеясы өзге де елдердегі мұсылмандардың ойында жүрген еді. Пакистан және басқа да мұсылман елдерінде аталған идеяларды жүзеге асыруға бағытталған шағын инвестициялық институттар ашу сияқты әрекеттер болды. Дегенмен бұл бағыттағы ерекше көзге түсетін тәжірибе ретінде Египеттегі Мит-Гамр қаласында жергілікті деңгейде құрылған жинақтық және инвестициялық институттарды атап өтуге болады. Аталған қаржы институттары Каир университетінің профессоры, доктор Ахмад Абдул-Азиз ан-Нажжардың бастамасымен ашылды. Профессор Абдул-Азиз ан-Нажжар бұл жобаны «Жинақтық және инвестициялық банктер» деп атаған-ды. Мит-Гамр қаласындағы ең алғашқы банк 1963 жылы құрылды (Монзер Қахф, 2011:203). Бұл банк жергілікті егінші-диқандар мен кішігірім саудагерлердің шағын капиталдарын қабылдап, жиналған қаражатпен «мудараба» қаржы құралы арқылы өзге саудагерлерді қаржыландыру ісімен айналысты. Осылайша аталған банк көршілес қалалар мен ауылдарда өз филиалдарын ашып, қызмет аясын кеңейте түсіп, қысқа мерзімде 9 филиалын ашып үлгерді. Бірақ белгілі бір саяси себептерге байланысты Мысыр өкіметі 1967 жылы аталған банкті жауып тастады. Төрт жыл-

да Мит-Гамрдың қызметін пайдаланушылардың саны 251 152 адамға дейін жеткен еді. Банк тұтынушыларының 61 % өздерінің жинаған қаражаттары жоқ қарапайым адамдар болып табылды (Байдаулет, 2016:151).

Қалай болғанда малайзиялық және мысырлық тәжірибелер сол кездегі мұсылмандарға банктің ислами үлгісін қалыптастыруға болатындығы турасында үлкен үміт сыйлап, ынта-жігерлерін арттырды. Себебі ол уақытта араб елдерінде баспасөз беттері мен өзге де жазбалардағы «Өсімге құрылған батыстық банктердің басқа баламасы жоқ. Сондықтан батыстық банктердің қызметінен бас тартуға жол жоқ» дегендей пікірлерден мұсылмандардың әбден еңселері түскен еді. Жоғарыда аталған тәжірибелер қоғамда қалыптасқан стереотипті сындырып, «өсімнен ада» ислам бактерін құруға болатындығын іс жүзінде дәлелдеді. Бұл осы бағыттағы жаңа бастамалар мен әрекеттерге үлкен түрткі болды. Атап айтқанда, Мит-Гамр қаласында бастау алған тәжірибесінің негізінде Мысыр өкіметі «Насыр әлеуметтік банкін» ашты. Бұл банк кішігірім жобаларды қаржыландыру және зекет жинап оны тиісті адамдарға үлестіру сияқты әлеуметтік мәселелермен айналысты. Жалпы айтқанда, Насыр банкі өз әрекеттерінің барлығын ислам нормаларына сәйкестендіруге тырысып бақты.

Бүгінгі ислам банктерінің дәлме-дәл үлгісі алғаш рет 1975 жылдың шілде айында құрылды. 1973 жылы Жидда қаласында өткен Ислам конференциясы ұйымының отырысында бірқатар мұсылман елдерінің басшылары Дүниежүзілік банк, Еуропа, Азия, Африка құрылықтарының қайта құру және даму банктерінің үлгісінде мұсылман елдеріндегі үлкен жобаларды қаржыландыратын халықаралық банк құруды ұсынды. Нәтижесінде, сол жылы 15 желтоқсанда мұсылман елдеріне ортақ ислам банкін құру туралы бастама қолдау тауып, Ислам конференциясы ұйымына мүше сегіз ел қол қойды. Соның негізінде мұсылман елдеріне ортақ банк құруға қатысты халықаралық келісімшарттың үлгісін дайындау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. 1974 жылы Ислам конференциясы ұйымына мүше 25 мемлекет аталған келісімшартқа қол қойды. Келісімшартта банктің қызметі Ислам конференциясы ұйымына мүшелік етуші мемлекеттерге ғана шектелетіндігі көрсетілді. Ең маңыздысы келісімшарттың екінші тарауында Ислам даму банкінің қызметі шарият нормаларына сәйкес болуы керектігі жөнінде жазылды. Ислам даму банкінің капиталын

қалыптастыру үшін банкке мүшелік етуші елдердің әрқайсысы екі миллиард АҚШ доллары көлемінде қаражат салды. 2011 жылы банктің капиталы 60 миллиардқа дейін жетті. Банктің қызметін 11 елдің өкілдігінен құрылған кеңес басқарды. Кеңеске мүшелік етуші елдердің алтауы тұрақты, бесеуі тұрақсыз сайланбалы болып табылды. Тұрақты мүшелерінің қатарына Сауд Арабиясы Корольдігі, Кувейт, Біріккен Араб Әмірліктері, Ливия, Түркия және Иран сияқты банктің құрылуына үлкен үлес қосқан елдер кірді. Ал қалған бес мүшесі банктегі үлестері аз мемлекеттер арасында сайлау жүргізу арқылы тағайындалып отырды. Ислам даму банкі 1975 жылы құрылғандығына қарамастан 1976 жылы ғана іске кірісе бастады. Ең алғашқы қаржылық операциясы Алжирден өңделмеген күйдегі мұнайды сатып алып Бангладешке «мурабаха» сауда түрімен сатқан кезде жүзеге асты. Ислам даму банкі халықпен емес тек қана үкіметтерімен жұмыс істеді (Монзер Қахф, 2011:206).

Бүгінгі күні Ислам даму банкіне мүшелік етуші елдердің саны 57-ге жетті. Олардың арасында Қазақстан да бар. Ислам даму банкінің еліміздегі филиалы Алматы қаласында орналасқан. Ислам даму банкінің операциялық активтері 16 миллиард АҚШ долларынан асса, тіркеу бойынша шығарылған капитал (subscribed capital) көлемі 70 миллиард АҚШ долларын құрайды. Бүгінде Қазақстанның Ислам даму банкіне салған капиталы 54 миллион АҚШ долларына жетіп, жалпы капиталдың 0.11 % құрайды (ИДБ ресми сайты, URL [http:// https://www.isdb.org/who-we-are/about](http://https://www.isdb.org/who-we-are/about)). Ислам даму банкі ислам экономикасы мен банк жүйесіне қатысты зерттеулердің жүргізілуіне көп үлесін қосты. Бұл саланы академиялық деңгейде зерттеу жұмыстары, әсіресе 1976 жылы Сауд Арабиясында өткен ислам экономикасына қатысты

I халықаралық конференциядан кейін қолға алынды. Ислам экономикасына қатысты алғашқы ғылыми-зерттеу орталығы 1978 жылы Джидда қаласындағы «Малик Абдул Азиз» атындағы университеттің қарамағында ашылды.

Ал халықпен жұмыс істейтін алғашқы банктерге Дубайда ашылған банкті мысалға келтіруге болады. 1994 жылы БАӘ орталық банкінің рұқсатының негізінде Дубай ислам банкі құрылып, сол жылы бірден іске кірісті. Бұл банк ақшаларын банкте сақтауды көздеген жеке тұлғалардың қаржыларын «ағымдағы шотқа» қарыз келісімшарты негізінде қабылдады. Ал қосымша табыс табуға ниетті салымшылардың ақшаларын үш айдан кем емес мерзімдерге де-

позит шоттарын ашып, жиналған қаржыны «мудароба» қаржы инструменті арқылы түрлі жобаларды қаржыландыруға пайдаланды. Бұл банк негізінен Дубайдағы жерлерді сатып алумен айналысты.

Сондай-ақ 1977 жылы Мухаммад ал-Файсал Египет президентінің арнайы рұқсатымен Каир қаласында «Файсал Египет ислам банкі» ашты. Бұл банк Мысыр басшылығы тарапынан шыққан арнайы жеке заңның негізінде құрылуға тура келді. Себебі ол кездегі Мысырдың банктерге қатысты заңдары жалпылама алғанда ислам банкінің қызметтеріне сәйкес келмейтін еді.

Дәл сол 1977 жылы Сами Хамуд «Иордания ислам банкі» құрды. Бұл банктің құрылуына «Далла аль-Барака» ірі қаржылық-өнеркәсіптік тобының басшысы Салих Камиль өз септігін тигізді. Сами Хамуд Иордания ислам банкіне бірнеше жыл бойы өзі басшылық етіп, «мурбаха» қаржы инструментін банктің негізгі қызметіне айналдырды. Оның ізінен «Кувейт қаржы үйі», «Файсал Иордания ислам банкі» және тағы да басқа ислам банктері мен қаржы институттары пайда болды. Әсіресе сексенінші жылдардан бастап ислам банктерінің саны арта бастады. 1980 жылы Берхад Малайзия ислам банкі, 1981 жылы Бахрейн ислам банкі ашылды. Сондай-ақ Судан, Бангладеш, Мавритания, Гвинея, Түркия және тағы басқа елдерде ислам банктері қызмет жасай бастады. Тіпті 1983 жылдан бастап кейбір мұсылман мемлекеттері елдегі банктердің бәрін толықтай ислам банкіне ауыстыруға көшті. Толықтай ислам банкі жүйесіне көшу үрдісін алғаш рет қолға алған ел ретінде Пәкістанды мысалға келтіруге болады. Алғашында Пәкістан банктердегі депозит қорларын ислам талабына сәйкес «Profit and Loss Sharing – Пайда және шығынды бөлісу» жүйесіне көшуден бастады. Кейінірек елдегі банктердің ішкі операцияларының барлығын ислам қаржы жүйесіне сәйкес өзгерту туралы заң қабылданып, банктер тұтастай ислам банктеріне ауысты. Сол кездегі Пәкістанның ұлттық банкі он екі түрлі исламдық қаржыландыру құралын дайындап, өзге банктерге басшылыққа алынатын нұсқаулық ретінде бекітіп берді. Аталған нұсқаулық «Пәкістан ислам сенімі мәжілісінің» ұсынысы бойынша құрастырылды. Алайда 21-ші ғасырдың басында Перфез Мушаррафтың Пәкістан билігіне келуімен елдегі банк жүйесіне қатысты қайтадан өзгертулер енгізілді. Первез Мушаррафтың енгізген заңы бойынша елдегі банктерге исламдық немесе батыстық банк жүйелерін ұстануда өздеріне еркін таңдау құқы-

ғы берілді. Нәтижесінде, мемлекеттік банктердің барлығы қайтадан батыстық жүйеге оралды.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Ирандағы банктер өз қызметтерінің барлығын толықтай исламдық қаржы жүйесіне сәйкес өзгертті. Сондай-ақ 1992 жылы Судан мемлекетінде ұлттық банктен бастап барлық банктер исламдық банктерге ауысты.

Жалпы алғанда, тоқсаныншы жылдардан бастап мұсылман елдерінде ислам банктерінің саны күрт арта бастады. Атап айтқанда, БАӘ, Сауд Арабиясы, Кувейт, Түркия, Малайзия, Пәкістан, Египет, Тунисте ислам банктері көбейді. Сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан, Индонезия, Бруней секілді елдерде де ислам қаржылық жүйесіне көңіл бөле бастады. Ислам банктерімен қатар көптеген мемлекеттерде жергілікті халықтың сұранысына орай «Арнайы банктік қызметтер» түрлерінің аясында исламдық қаржыландыру үлгісі бойынша қызметтер көрсетілу қолға алынды.

Алғашқы кезде ислам банктерінің қаржылық есеп беруге арналған өзіндік жүйесінің жоқ болуы себебінен банк қызметтерінің ашықтығы қамтамасыз етілмеді. Қолданыстағы Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары (ХБЕС) исламдық қаржыландыру институттарына толық сәйкес келе бермеді. Себебі аталған халықаралық стандарттарда ислами қаржыландырудың өзіне тән діни принциптері мен ерекшеліктері ескерілмеген еді. Нәтижесінде, 1991 жылы Исламдық қаржы институттарына арналған бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі халықаралық ұйымы (AAOIFI – Accounting and Auditing Organization for Islamic Financial Institutions) құрылып, алғашында қаржы есебіне қатысты 18 стандарт бекітті. Алайда өзінің жоғары стандарттарына қарамастан аталған ұйымның қызметі белгілі бір елдерде ғана қолдау тапты.

Исламдық қаржыландыру нарығының дамып келе жатқандығын байқаған батыстық банктер «исламдық терезелер» аша бастады. Исламдық терезе – батыстық банктердің ішіндегі исламдық қаржы өнімдерін ұсынатын бөлім. Батыстық үлгідегі банктердің «исламдық терезелерді» ашудағы басты мақсаты өз қызметтерін қолданушыларды жоғалтып алмауда еді. Исламдық терезелерді ашу ісі тіпті алдыңғы қатарлы жетекші банктерде қолданыс тапты. Гонконг және Шанхай банк одағы (HSBC) аталған нарықты өте серпінді түрде қолға алып жатқандығын айта кеткен жөн. Бұл бастаманы алғаш іске асырған банктердің қатарына 1996

жылы Бахрейнде «Сити» ислам инвестиция банкі ашқан Ситибэнкты атап өтуге болады. Кейінірек батыстық (UBS) Швейцария Юнион банкі Нориба (пайызсыз) атты банктің негізін қалады. Осының ізімен Парсы шығанағындағы бірнеше банктер өздерінің ислами бөлімдерін аша бастады. Сонымен қатар American Express Bank Ltd., American bank, ANZ Grindlays, BNP-Paribas, Chase Manhattan, Kleinwort Benson сынды банктер өз ішінен ислами терезелер ашты. Ең көп ислами терезелер ашқан банктердің қатарына Сауд Арабия ұлттық коммерциялық банкі, Кувейт біріккен банкі, Рияд банкі (Riyadh Bank) жатқызуға болады (Байтенова, 2015:19).

Соңғы жылдары ислам қаржыландыру жүйесі біздің елде де ерекше маңызға ие болып келеді. Елбасы Н. Назарбаев 2011 жылы Астана қаласында өткен СІМК ИБҰ-ның 38 сессиясында сөйлеген сөзінде «Әлемдік экономикалық дағдарыс ислам қаржы-экономикалық моделінің тұрақтылығы мен өміршеңдігін айқындады» деп пікір білдірген болатын. 2009 жылы 12 ақпанда ҚР Президенті ислам банктері және басқа да исламдық қаржыландыру институттарының жұмысын реттеуге бағытталған заңға қол қойылды. Елбасының жеке қолдауының арқасында тиісті банктер құрылып, Жол картасы нысанындағы стратегиялық құжат келісілді. 2010 жылы ҚР және БАӘ үкіметтерінің келісімі негізінде «Al Hilal» Қазақстан және ТМД-дағы тұңғыш Ислам банкі ашылды. Al Hilal банкінің орталық кеңсесін 2008 жылы Абу Даби Үкіметінің инвестициялық бөлімшесі Шарифат қағидалары мен ережелеріне сәйкес инновациялық банктік өнімдер мен қызметтер ұсыну мақсатында құрған болатын. Абу Дабиде жақсы нәтиже көрсеткен Al Hilal банкі халықаралық деңгейде өз бөлімшелерін көбейту мақсатында Қазақстанда алғашқы еншілес банкі ашты. Қазақстандағы Al Hilal банкінің бас кеңсесі Алматыда орналасқан. Сондай-ақ аталған банктің филиалдары Астана және Шымкент қалаларында жұмыс істейді. Алғашқы 7 жыл бойы өзінің қызмет аясын корпоративтік тұтынушылармен шектеген Al Hilal банкі 2017 жылдан бастап қызметтері мен өнімдерін жеке тұлғаларға да ұсына бастады. 2010 жылдан бастап Қазақстан нарығында қызмет атқарып келе жатқан Al Hilal ислам банкі қаржылық тұрақты әрі сенімді банк ретінде бағаланды. Атап айтқанда, аталған банк Fitch Rating бойынша жоғары А+ және Moody's бойынша А2 көрсеткішіне ие болды. Қазіргі уақытта банк жеке тұлғаларға төмендегідей қызметтерді ұсынады:

1) Карталар (Дебет карталары және Дебет Хадж картасы);

2) Ақша операциялары (Кассалық қызмет көрсету және Аударымдар);

3) Депозиттер (Вакала және Мударара түрінде).

Сонымен қатар Al Hilal банкі 2018 жылдың аяғына қарай Қазақстанда алғашқы болып «Исламдық ипотека» қызметін ұсынды (Al Hilal банкінің ресми сайты, URL [http:// https:// alhilalbank.kz/kz](http://alhilalbank.kz/kz)).

Қазіргі таңда отандық нарықта жұмыс істеп жатқан екінші ислам банкі – Заман банкі. Заман банкі 1991 жылы 6 маусымда Алматы қаласында «Заман» жеке банк ретінде құрылған болатын. Кейін 1998 жылы «Заман-Банк» ААҚ акционерлерінің ауысуына байланысты банктің орны Алматы қаласынан Павлодар облысы Екібастұз қаласына ауысты. 2003 жылы қайтадан Алматы қаласынан филиал ашты. 2013 жылдан бастап Заман дәстүрлі банкі ислам банкіне ауысу процедураларына кірісті. Нәтижесінде, сол жылдың аяғында (ICD) жеке секторды дамыту бойынша ислам корпорациясын стратегиялық серіктес ретінде іске тарту жетістігіне қол жеткізді. 2014 жылы Заман банкі Біріккен Араб Әмірлігіндегі «Al Maali» исламдық қаржылық консалтингтік компаниясы және Малайзиялық «Zicolaw» қорғаушылар және заң кеңесшілері компаниясымен бірлесе отырып «Заман-Банк» АҚ-ды толық құқықты ислам банкіне ауыстыру тәртібі мен механизмдерін жетілдірді. Осылайша Заман ислам банкі 2016 жылы күшіне енген дәстүрлі банктердің ислам банкіне ауысуына мүмкіндік беретін заңнамаға қажетті түзетулер енгізілуіне түрткі болды. Нәтижесінде, 2016 жылы 13 шілдеде дәстүрлі формадан исламдық банкі формасына өз еркімен ауысу үшін ҚР Ұлттық Банкінен рұқсат алып, 2017 жылы 17 тамызда ислам банкіне тән қаржы операцияларын жүзеге асыруға лицензия алды. Қазіргі уақытта өз тұтынушыларына «мударара» және «вакала» түріндегі ислами депозиттер ұсынуда (Заман ислам банкінің ресми сайты, URL <http://zamanbank.kz/kz/o-banke/>). Сонымен қатар елімізде аталған ислам банктерінен бөлек «Al-Saq finance», «Kazakhstan Ijara Company» және тағы да басқа исламдық қаржы институттары жұмыс істейді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ислам банктері қарқынды түрде дамып келеді. Әсіресе, исламдық

қаржыландыру жүйесіне деген қызығушылық батыстық үлгідегі қаржы институттарын дүр сілкіндірген 2008-2010 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысынан кейін күрт артты. Себебі аталған қаржы дағдарысына исламдық қаржы институттары жақсы төтеп беріп, өзінің тұрақтылығын дәлелдей білді. Ислам банктерінің тұрақтылығы оның әрбір қаржы операциясын нақты шынайы активтермен қуаттайтындығында көрініс тапты. Дағдарыстан қатты соққы алған капиталистік жүйенің принциптері мен негіздерін қайта қарауды қолға алған батыстық экономистер мен қаржыгерлер ислам экономикасына ерекше көңіл бөле бастады. Тіпті Еуропаның кейбір елдері негізгі қаржыландыру жүйесінің балама үлгісі ретінде исламдық банктерді ашуды қолға алды. Ислам банктерінің еркін қызмет жасауына қажетті жағдай тудыру үшін елдегі кейбір заңнамалар мен нормативтік актілерге өзгертулер енгізді. Исламдық қаржыландыру жүйесінің тек қана мұсылман елдері емес батыс елдерінде де қолдау табуы ислам банктерінің болашақтағы даму перспективасының үлкендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда әлемнің 90 елінде 700-ден астам исламдық қаржыландыру институттары жұмыс істейді. Исламдық қаржыландыру әлемдік қаржы жүйесіндегі қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Исламдық банкі жүйесінің қызметі ислам құқығындағы ережелер мен талаптарға сүйенеді. Қысқаша айтсақ, ислам банктері төмендегі шариғи қағидалар мен ережелерді басшылыққа алады:

– Банк пен тұтынушы серіктестігі (пайда мен шығынды бөлу);

– Ақша – сатылатын зат емес, ол айырбас және құнның өлшем құралы;

– Шарттың мәні мен оның талаптарына (гаррар) қатысты тұрлаусыздыққа тыйым салу;

– Кездейсоқ жағдайлардың нәтижесінде пайда көруге тыйым салу (майсир): құмар ойындар, туынды қаржы құралдарымен (деривативтермен) ұтыс тігу және операциялар жасау;

– Шариғат қағидастарына сай белгілі бір қызмет түрлерін қаржыландыруға тыйым салу: темекі, алкоголь, қару-жарақ өндірісін, есірткі заттарын, сонымен қатар порнография мен ойын бизнесін таратуға қатысты қызметтерді (харам);

– Өзгенің меншігін иемденуге тыйым салу;

– Қарызды сатуға тыйым салу.

Бүгінгі таңда ислам банктері барлық дәстүрлі банктік операцияларды атқарады деуге болады: ағымдағы және жинақ шоттарын, депозиттер ашады; қаржыландыру өнімдерін ұсынады; кассалық қызметтер, төлемдер жасайды, қаражат аударады, қазыналық қызметтер көрсетеді және т.б., экономиканың түрлі салаларына: өндіріске, саудаға, ауыл шаруашылығына шариғатта рұқсат етілген дәрежеде инвестиция құяды. Қалыптасқанына жарты ғасырдан астам уақыт өткен ислам банктерінің даму қарқыны оның әділдік, тұрақтылық, адамгершілік сияқты принциптеріне негізделгеніне байланысты. Ислам қаржы жүйесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі кез келген келісімшартты шынайы активтермен байланыстыру арқылы нақты экономиканы өсіруге бағытталғандығымен түсіндіріледі.

Әдебиеттер

Бухари. (2001). Сахиу ал-Бухари. – Бейрут: Дару Тауку Нажа. 4-т. 87 б.

Монзер Қахф. (2011). Асасийат тамуил ислами. Куала-Лумпур: International Shari'ah Research Academy for Islamic Finance, 198-210 б.

Cazakea M. (1996). The Islamic World and Europe with Specific Reference to the Ottoman Archives. The Netherland, Brill, Leyden, 838 б.

Байдаулет Е., Калимуллина М., Габбасова Р. және басқалар. (2016). Исламское финансирование: теория, практика, вопросы регулирования / Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, 151 б.

Ислам даму банкінің ресми сайты, URL [http:// https://www.isdb.org/who-we-are/about](http://https://www.isdb.org/who-we-are/about). (ақпарат алынған уақыт: 30.01.2019).

Байтенова Н., Заманбеков Д., Алыпашев Ж., (2015). Исламский банк: религиозно-нравственные ценности ислама. – Алматы: Қазақ университеті, 13-20 б.

Al Hilal банкінің ресми сайты, URL [http:// https://alhilalbank.kz/kz](http://https://alhilalbank.kz/kz). (ақпарат алынған уақыт: 2.02.2019).

Заман ислам банкінің ресми сайты, URL [http:// http://zamanbank.kz/kz/o-banke/](http://http://zamanbank.kz/kz/o-banke/). (ақпарат алынған уақыт: 2.02.2019).

References

- Buhari. (2001). Sahihu al-Buhari. – Beirut: Daru Tauku Najat. 4-т. 87 б.
- Monzer Kahf. (2011). Asasiyatu tamuul islami. Kuala Lumpur, International Shari'ah Research Academy for Islamic Finance, 198-210 p.
- Cazakea M. (1996). The Islamic World and Europe with Specific Reference to the Ottoman Archives. The Netherland, Brill, Leyden, 838 b.
- Bidaulet E., Kalimullina M., Gabbasova R. and others. (2016). Islamskoe finansirovaniye: teoriya, praktika, voprosy regulirovaniya. Pavlodarski gosudarstvennyi universitet imeni S. Toraigyrova, 151 b.
- Islam damu bankinin resmi saiti, URL [http: // https://www.isdb.org/who-we-are/about](https://www.isdb.org/who-we-are/about). (30.01.2019).
- Baitenova A., Zamanbekov D., Alykpashev J., (2015). Islamski bank: religiozno-nravstvennye cennosti islama. Almaty, Qazaq universiteti, 13-20 b.
- Al Hilal bankinin resmi saiti, URL [http: // https://alhilalbank.kz/kz](https://alhilalbank.kz/kz). (2.02.2019).
- Zaman islam bankinin resmi saiti, URL [http: // http://zamanbank.kz/kz/o-banke/](http://zamanbank.kz/kz/o-banke/). (ақпарат алынған уақыт: 2.02.2019).